

ӘОЖ 811.512.122

**АКАДЕМИК РӘБИҒА СЫЗДЫҚТЫҢ ЛИНГВОСТИЛИСТИКАНЫҢ НЕГІЗІН
ҚАЛАУДАҒЫ ЕҢБЕГІ**

Жакина Айзат

zhakinaaizat@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті, 7М01717 – “Қазақ тілі мен әдебиеті”
білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Шоқабәева С.С., ф.ғ.к., доцент м.а.

Мақалада Р.Сыздықтың қазақ тіл білімінің лингвостилистика саласын қалыптастырудағы еңбегі талданады. Тақырыптың толық ашылуы көлемді зерттеуді қажет ететіндіктен, Р.Сыздықтың Абай шығармашылығын лингвостилистикалық талдау шеңберіндегі тың теориялық тұжырымдары, ұсынған ұғымдары мен терминдері, қолданған әдіс-тәсілдері, зерттеуші ретіндегі ерекшеліктері басқа абайтанушы тілшілермен салыстыру арқылы қарастырылды.

Ең алдымен Р.Сыздықтың лингвостилистика саласын қалыптастырудағы ролін туралы тақырып қозғамас бұрын қазақ лингвостилистикасының қалыптасу алғышарттары, сипаты мен дамуы сияқты процестердің жай-күйіне қысқаша шолу жасағанмыз дұрыс. Себебі Р.Сыздықтың өз сөзімен айтқанда: «Қай құбылысты да өзге ұқсас нәрселердің қарама-қарсысында немесе фонында салыстыра қарағанда, оның өзіне тән белгілері айқынырақ көрінбек» [1, 237].

Ғалым Б.Шалабай қазақ тіліндегі лингвостилистика саласының қалыптасуы өткен ғасырдың 50-жылдары М.Балақаев, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев сияқты ғалымдардан басталғанын және бұл кезеңге ақын-жазушылардың сөз қолданысындағы ерекшеліктерді, олардың әдеби тілмен байланысын зерттеу сияқты үрдістер тән болғанын атап өтеді. Енді қалыптаса бастаған ғылым саласының өз шешімін таппай, өзектілігін жоғалтпаған мәселелерінің бірі ретінде теориялық мәселелердің зерттеу қажеттілігін көрсетеді. Қазақ тіл біліміндегі лингвостилистика саласының теориясын «жасақтаудағы» Р.Сыздықтың еңбегін ғалым Б.Шалабай ерекше атап өтеді [2,11-15].

Абай тілінің зерттелуі жайына келетін болсақ, Абайдың классик ретінде қазақ әдебиетінен алатын орны, Абайдың қазақ әдебиетіне енгізген жаңалықтары, Абай шығармаларының мазмұндық-идеялық ерекшеліктері әдебиетшілер тарапынан жан-жақты зерттелген болатын. Ал Абай тілінің тілшілер тарапынан талдануы кешеуілдеп тұрғаны туралы Р.Сыздықтың өзі мәселе көтереді. Жалпы көркем әдебиет үлгілерін әдеби және тілдік талдау жеткіліксіз екендігін негіздеп, стильдік талдаудың қажеттілігі туралы кезінде ғалым Қ.Өмірәлиев те пікір білдірген болатын. Ғалым өзінің «Қазақ поэзиясының жанры мен стилі» еңбегінде: «Тілдік материалдар нені жасап тұр, қандай қажеттілікті өтеп тұр, өлең жасауда ақын оларды қандай формаға түсіріп барып керекке жаратты, «өлең» атты бір бүтін форма жасауда қандай қызметке жетті? – міне, осылар, яғни өлеңдегі тілдік материалдар осы тұрғыдан талдануы тиіс» деген құнды пікірі арқылы лингвостилистиканың шешілуі тиіс мәселелерін өзектейді. [3,19]. Ғалымның шешімін таппай жүрген өз саласының өзекті мәселелерін дөп баса танып, сол мәселелерді шешудегі ұстанған бағыт-бағдары – ғалымның зерттеушілік ерекшелігін танытатын белгі деп білеміз. Сондықтан Р.Сыздықтың Абай тілін лингвистикалық стилистика тұрғысынан зерттеуге кіріспес бұрын алдына қандай мақсат-міндеттер қойғанын анықтау маңызды. Ғалым өзінің «Сөз өрнегі» еңбегінде келесі мәселелер өз шешімін күтіп тұрғанын алға тартады: тіл мамандары тарапынан Абай поэзиясының зерттелуге тиіс қырларының ашылмауы, Абай шығармаларының тілдік негізін (механизмінің) танытудың тежелуі, идиостиль, идиолект мәселелерінің, грамматиканың поэзиядағы үлесінің зерттелмеуі. [4, 20].

Абай өлеңдеріне лингвостилистикалық талдау жасаған тұңғыш ғалымдардың бірі ретінде Қ.Жұмалиевті танымыз. Қ.Жұмалиев шығарманы мазмұн мен түр бірлігі тұрғысынан талдау қажеттілігіне назар аударып, бейнелеуші құралдармен қатар, тілдік құралдардың да шығармада атқаратын қызметі мен қолданылуына себебін қарастырған. Мысалы, төмендегі өлең жолдарындағы «ақ» деген сөздер өлең мазмұны мысқыл болғандықтан, соған сәйкес таңдап алынғандығын айтады [5,86]:

«Жаздыгүні ақ бөркі бүктелмейді-ақ,
Қолында бір сабау бар ол-дағы аппақ...»
«Қу шалбар қулығына болған айғақ,
Тізесін созғылайды қалталанса-ақ...»

Алайда Қ. Жұмалиев зерттеуінің біраз бөлігін бейнелеуші құралдар мен амалдарға арнап, бейтарап мағыналы сөздерді назардан тыс қалдырады. Қ.Жұмалиев бастаған тілдік құралдардың стильдік қызметін талдау үрдісін Р.Сыздық жалғастырады. Бұл сабақтастық Р.Сыздықтың көркем шығарманың баяндау типтеріне байланысты тілдік құралдардың әр түрлі мақсатта қолданылуын анықтаудан көрінеді. Мысалы, Р.Сыздық бір нәрсені баяндау қажет болса,

етістіктің ашық райдағы тұлғасының, суреттеу қажет болса, -ып жұрнақты көсемшенің, философиялық толғаныстарда -мақ, -ар тұлғалы етістіктердің жұмсалатынын тұжырымдайды [4, 36-38].

Р.Сыздықтың Абай өлеңдерін зерттеген Қ.Жұмалиев пен Абайдың қара сөздерін зерттеген Қ.Сүйіншәлиев зерттеулерін толықтыруы, жаңылыстарын көрсетіп, өзі ұсынған тұжырымын дәлелдеуі, талдауда аталған ғалымдар аяқ баспаған мәселелерді қозғауы зерттеуші ретінде ұстанған бағытының өзгешелігін, сонылығын көрсетеді. Мәселен, Қ.Жұмалиев эпитеттер сын есім, өткен шақ есімшемен қатар көсемшеден де жасалатынын айтса [5, 92], Р.Сыздық субстантивтенген есімшеден басқа етістіктің эпитет бола алмайтынын талдап дәлелдейді. Өз тарапынан стильдік мақсатта қолданылып, оқырманға әсер ететін экспрессиялы сөздер мен тұлғалар, сөз тіркестерін экспрессоид немесе әсер сөз деп атауды ұсынады [4, 34]. Экспрессоидқа тек етістіктер ғана емес, кез келген стильдік жүк арқалаған, экспрессиясы күшті сөздерді жатқызуға болады. Қ.Жұмалиев сөйлемге бітпеген түс беріп, экспрессияны күшейту үшін қолданылады деп анықтаған шумақ соңындағы «да» шылауын Р.Сыздық экспрессоид деп таниды [4,35]. Бұл тілдік бірліктерді лингвостилистиканың өзіндік ерекшелігіне сәйкес жіктеп, топтаудағы және лингвостилистика саласының терминологиялық жүйесін жасаудағы Р.Сыздық еңбегінің бір мысалы ғана.

Эпитеттерге қатысты тағы бір назар аударарлық мәселе синкретті амалмен жасалған эпитеттер жайында болмақ. Қ.Жұмалиев Абайдың семантикалық жағынан үйлеспейтін сөздерді тіркестіру арқылы эпитет жасау үлгісін орыс әдебиетінен алғанын алға тартады. Ал қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуде біраз тер төккен Р.Сыздық синкретті амал арқылы эпитет жасау дәстүрі Ясауи хикметтерінен бері жалғасып келе жатқан төл әдебиетімізге тән көркемдеу амалы екендігін дәлелдейді [4, 30]. Көп зерттеушілер ақын тіліндегі дәстүр мен сабақтастық мәселесіне қатысты Абай тілін хандық дәуірдегі немесе Абайдың замандас ақындарымен салыстырумен шектелсе, Р.Сыздық сонау көне түркі поэзиясынан бері үзілмеген қолданыстарды көрсетеді. [4, 135].

Қ. Жұмалиевтің «Абай құбылыстардың эпитет арқылы әр алуан қасиеттерін ашуға болатынын көрсетіп, әр эпитеттің бір сөзге әр түрлі мән беретінін пішіп берді» [5, 102] деген тұжырымындағы «эпитеттің бір сөзге әр түрлі мән беру» қасиетін Р.Сыздық «образдың эстетикалық өрісі» деп атады. Бұған дейін образдың эстетикалық өрісі, сөздің мағыналық реңктері, олардың «тақырыптық өріс» құрау қасиеті, образ жасауға қатысуы, Р.Сыздықтың өз сөзімен айтқанда «сөздің поэтикадағы мүмкіндігі» туралы мәселе көтерілмеген. Р.Сыздық зерттеулерінде көркем әдебиет тілін талдаудағы басты объект – сөз мағынасы, мағынаның түрлі қасиеттері мен қызметі. Поэзияда сөздің номинативті мағынасынан бөлек, жасырын жатқан қосымша мағыналары болатынын, бірнеше сөз тіркескенде экспрессиялық бояуы еселенген жаңа мағына пайда болып, мағынаның «түрлену, құбылу» қасиеттері болатынын Абай тілінен үлгі келтіре отырып көрсетеді. Мысалы, сату сөзінің номинатив мағынасынан басқа, қосымша «бұлдау», «өткізу» сияқты мағыналары бар екеніне назар аудартып, сөздердің осы қасиетін жақсы таныған Абайдың еңбегін сату, терін сату, жанын сату секілді ұтымды образды тіркестерінің жасалу механизмін ашады. [5,112].

Енді Абай қара сөздерінің лингвостилистикалық талдануына қысқаша тоқталып, Х.Сүйіншәлиев пен Р.Сыздықтың талдаудағы ерекшеліктерін қарастырайық. Х.Сүйіншәлиев Абай қара сөздеріне тән стильдік ерекшеліктер ретінде лаконизм мен нақыл сөзділікті, сөйлемдерінің қысқалығын, сөйлем мүшелерінің дағдылы орнын ауыстыруын, толымсыз сөйлемдердің ұшырасуын, сөйлемнің «деп» етістігімен аяқталуын, сұраулы, лепті сөйлемдердің жиі қолдануын көрсетеді. Осы ерекшеліктер Абай қара сөздерінің бұқарашылдық идеясынан туындайды деп тұжырымдайды. Ғалым Абай қара сөздеріндегі сөйлем құрылысына тән ерекшеліктердің бәрін орыс әдебиетінің ықпалымен байланыстырады. [6, 135]. Ал Қ.Өмірәлиев

Абай қара сөздеріндегі құрмалас сөйлемдерде бағыныңқының басыңқыдан бұрын келуі шығыс әдебиетінің әсері деп тұжырымдайды. [4, 170].

Академик Р.Сыздық Абай қара сөздеріндегі стильдік ерекшеліктерді өлеңдері мен қара сөздерінің өзінде айтылған ойларын негізге ала отырып, Абайдың қара сөздерді жазудағы мақсатымен байланыстырады. Абайдың қара сөздерді жазудағы басты мақсаты – өмірден түйгенін халыққа жеткізу. Сәйкесінше, халыққа барынша түсінікті болу үшін Абай қара сөздерін жазуда ауызекі сөйлеу стилін таңдайды. Р.Сыздық жоғарыда Х.Сүйіншәлиев «орыс әдебиетінің әсерінен туындады» деген стильдік ерекшеліктерді шын мәнінде қазақтың ауызекі сөйлеу стиліне тән белгілер екенін дәлелдейді. Сондай-ақ ауызекі сөйлеу стилінде жазба әдеби тілі нормаларынан ауытқу орын алатыны белгілі. Бірақ ғалым көркем әдебиет тілінің өзінің заңдылықтары бар екенін, белгілі бір стильдік мақсатты орындау барысында орын алған ауытқуларға жол берілетіні туралы айтады. Бұл мәселеге қатысты пікірлерін Р.Сыздық өзінің «Сөз құдыреті» еңбегінде жазушы тіліндегі уәжді, уәжсіз ауытқу туралы талдауларында жалғастырады [1, 280-285]. Сонымен қатар Р.Сыздық Абайдың қара сөздерінен тарихи очерк, көркем публицистика, көркем әдебиет, теологиялық әдебиет жанрына тән стильдік белгілерді көрсетіп, олардың қолданылу уәжін талдап түсіндіреді [4,180-185].

Қорытындылап айтқанда, Р.Сыздықтың қазақ тіл біліміндегі лингвостилистика саласының негізін қалаудағы еңбегін қарастыру нәтижесінде мынадай түйін жасауға болады:

– Р.Сыздық Абай тілін талдауда қазақ тіл білімінде болмаған жаңа бағыт ұстанады. Егер бұрын лингвостилистикалық талдаулар көркемдеуіш құралдарды тізіп көрсетіп, олардың жасалу жолдары мен атқаратын қызметін анықтаумен шектелсе, Р.Сыздық Абай шығармаларын сөздің «поэтикадағы мүмкіндігін» ашып, сол арқылы тілдің коннотациялық компоненттері: экспрессияның, эмоциялылықтың, бағалауыштықтың көркем әдебиетте жүзеге асу механизмін ашып көрсетті.

– Лингвостилистика саласының теориялық және методологиялық базасын құрайтын тұжырымдар жасайды, зерттеудің бағыт-бағдарын белгілейді, жаңа ғылым саласының терминологиялық жүйесін жасауға қатысады.

– Р.Сыздық лингвостилистикаға қазақ әдеби тілін қалыптастыруда өзіндік ерекше орны бар Абай мен басқа да ақын-жыраулар шығармашылығын қазақ әдеби тілінің тарихымен байланыстыра зерттеу арқылы қадам басты. Сондықтан бұрын орыс әдебиеті немесе шығыс әдебиетінің әсері деп түсіндірілген Абайдың сөз қолданысындағы ерекшеліктерге қатысты біржақты, үстірт пікірлердің жаңсақтығын дәлелдеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сыздықова Р. Сөз құдыреті. Көптомдық шығармалар жинағы. /Рәбиға Сыздықова/. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 296 б.
2. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы (оқу құралы). – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 198 б.
3. Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры мен стилі: (XIX ғ. бірінші жартысы). – Алматы: Ғылым, 1983. – 240 б.
4. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2004. – 208 б.
5. Жұмалиев Қ. Шығармалары. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2007. – 272 б.
6. Сүйіншәлиев Х. Абайдың қара сөздері. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1956. – 146 б.